

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D020200- Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған

Тokeева Асель Амантаевнаның

«Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде» атты диссертациялық жұмысы өзекті

## ПІКІР

А.А.Тokeеваның «Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде» атты диссертациялық жұмысы өзекті тақырыпта орындалған дербес ғылыми жұмыс болып есептелінеді.

Казіргі тандағы өзара ынтымақтастығы мен байланысын зерттеуге алу, оны толықтай ашып, талдау халықаралық қатынастардағы жоғары маңызға ие тақырып болып табылады.

А.А.Тokeеваның диссертациясы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы сияқты халықаралық аренадағы маңызды ойыншылардың мемлекетаралық қатынастарымен байланысты өзекті тақырыпқа арналған. Бұл тақырып көпвекторлы саясат шенберінде осы еki мемлекетпен ынтымақтастықты дамыту мәселелерін көтеретін Қазақстан Республикасы үшін ерекше маңызға ие. Осы мемлекеттер арасындағы қатынастардағы өзгерістер Қазақстандағы жағдайға айтартықтай әсер етеді. Осылайша, тақырып ғылыми және қолданбалы мағынаға ие және оны өзірлеу қазіргі уақытта қосымша зерттеулерді қажет етеді. Сондықтан А.А. Тokeеваның диссертациясы маңызды зерттеу мәселесін шешуге бағытталғанын мойындауға болады.

Диссертацияның ғылыми жетекшісі ретінде А.А. Тokeева жұмыс жоспарын құрып, зерттеу тақырыбы бойынша материалдар жинап, мақалалар жарияладап, тақырып бойынша дәйекті түрде жұмыс істегенін атап өтуге болады. Жұмыс үш тараудан тұрады, онда тарихи аспектілер, екіжақты қатынастардың тенденциялары және еki мемлекеттің аймақтық деңгейдегі қарым-қатынастарының жаңа модельдері қарастырылады. Құрылым қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді.

А.А.Тokeева диссертациялық зерттеу жұмысында көрсетілген және алдыға қойылған мақсаттарының барлығын орындалап, ғылыми зерттеу жұмысын тыңғыштықты және нық орындаі алған.

Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Кіріспеде жұмыстың өзектілігі баяндалады; мақсаты, міндеттері, объектісі, нысаны, гипотезасы, зерттелу дәрежесі, дереккөз базасы, тарихнамасы, зерттеудің теориялық - әдіснамалық негізі келтірілген; ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы тұжырымдалған, қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар және жұмысты аprobациясы бар

Бірінші тарауда тараптардың Қазақстан-Қытай әрекеттестік кезеңдерінің қалыптасу факторлары сипатталған. «Стратегиялық әріптестік» ұғымына теориялық-концептуалды талдау жасалынды, сонымен қатар сыртқы саяси дискурсы көрсетілген.

Екінші тарауда екіжақты әріптестіктегі негізгі бағыттары мен мәселелері қарастырылады. Бұл тарауда сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық аспектілер ашылады.

Ушінші тарауда ЕО және ҚХР-ды геосаяси түрғыда біріктіретін мемлекет Қазақстан Республикасына еki жақтың өзара іс-қимылдының ықпалы зерттелді.

Қорытындыда диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары баяндалған, оларды теориялық және практикалық қолдану жөнінде ұсыныстар ұсынылған.

А.А.Тokeева жұмысында Қазақстан мен Қытайдың халықаралық өзара іс-қимылы мен әрекеттеріне, ынтымақтастық бағыттарында ішкі және сыртқы факторлар әсер етуін қарастырып, оны зерттеген. Қазақстан-Қытай әріптестік қатынастарының қазіргі халықаралық және аймақтық ұйымдарын зерттей отырып, еki ел арасындағы әріптестіктің негізгі мәселелері қарастырылды.

Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық әріптестік байланыстарының болашағы зор деуге толық негіз бар деген сенімдеміз. Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының 30 жылдық даму жолын қарастыра отырып, еki ел арасындағы әріптестігінің негізгі тенденциялары мен болашағына болжау жасалынды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны ҚР-ның Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарында, ғылыми-тәжірибелік ғылыми конференция материалдарында, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымда жарияланды.

Жоғарыда көрсетілген фактілерге сүйене отырып Тokeева Асель Амантаевнаның «Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде» атты диссертациялық жұмысын «6D020200-Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін сай деп бағаланады және қорғауға ұсынылады.

**Пікір беруші:**

**Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ,**

**т.ғ.д., профессор**

Тел.: 87025025502

E-mail: raev\_53@mail.ru

**Раев Д.С.**

